

Қымбатты жерлестер!

1995 жылдың 30 тамызы тәуелсіз Қазақстанның жаңа Конституциясы дүниеге келуімен тарихта қалған атаулы күн.

Бұл аса маңызды құжатта халқымыздың егемендікке қол жеткізу жолындағы ғасырлар бойы аңсаған армандары мен мүдделері нақтылы көрініс тапқан. Халықаралық құқықтың талаптарына сай келетін біздің Ата Заңымыз еліміздің жанжақты дамуына жол ашып, мемлекетіміздің саяси-экономикалық құрылымының нығая түсуіне қажетті мүмкіндіктерді жасауда.

Бүгінгі таңда Қазақстан бейбітсүйгіш және жаңашыл мемлекет ретінде әлемдік қауымдастықтың толыққұқықты мүшесі. Ал Конституция біздің ортақ үйіміздегі тұрақтылық пен жалпыұлттық өзара келісімнің басты кепілі болып табылады.

Ата Заң мерекесімен қатарласып келетін Білім күнінің де халқымыз үшін маңызы өте зор. Біздің елімізде бүгінгі таңда білім берудің жаңа жүйесі қалыптастырылып, әлемдік білім кеңістігіне енуге батыл қадамдар жасалынуда.

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында айтылғандай, білім беру саласы қызметкерлерінің алдында өскелең ұрпақты жаңа жағдайда өмір сүруге бейімдеу мәселесі ерекше сипат алуы тиіс. Қазір-



гі білім беру жүйесі «білікті адамға» бағытталған. Ал біліктілік білімнен басталады. Сондықтан да үкімет білімді де білікті, талантты да талапты жастарға үміт артып, қолдау көрсетіп отыр.

Қадірменді қала тұрғындары! Айтулы мемлекеттік мерекелерге байланысты шын ниетті құттықтауымды қабыл алыңыздар. Сіздерге және отбасыларыңызға амандық, бақыт, бай-бақуатты өмір тілеймін.

Туған жердің одан әрі көркейіп, гүлденуі жолындағы еңбектеріңізде табысты болуларыңызға тілектестігімді білдіремін!

С.Б.ҚУАНЫШБАЕВ,
Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының ректоры, г.ғ.д.